

**МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
ИНСТИТУТ АРХЕОЛОГИИ ИМ. А.Х. МАРГУЛАНА**

**Зайнолла Самашев  
Райхан Бурнашева  
Напил Базылхан  
Вячеслав Плахов**

# **МОНЕТЫ САРАЙЧИКА**

**ББК 63.4**

**С 22**

**САРАЙШЫҚ ТИЫНДАРЫ / З. Самашев, Р. Бурнашева, Н. Базылхан, В. Плахов.**  
Алматы, 2006.- 184 бет.

**МОНЕТЫ САРАЙЧИКА / З. Самашев, Р. Бурнашева, Н. Базылхан, В. Плахов.**  
Алматы, 2006. - 184 стр.

Ғылыми редакторы: Е. Смағұлов  
Научный редактор

Ғылыми пікір жазғандар: М. Елеуов  
Рецензенты Қ. Өскенбай

ISBN 9965-9902-0-4

Баспаға ҚР БЖҒМ Ә. Х. Марғұлан атындағы Археология институты ұсынды

*Бұл басылымда 1989-2005 жылдары Ә. Х. Марғұлан атындағы Археология институтының Батыс-Қазақстан археологиялық экспедициясы жұмыстарының нәтижесінде Сарайшық қалашығында табылған негізінен Жошы әулетінің тиындарының үлгілері мен әртүрлі нұсқалары қамтылды*

Рекомендовано к изданию Институтом археологии им. А.Х.Маргулана МОН РК

*В настоящее издание включены основные типы и разновидности монет, главным образом Жочидских, найденных на городище Сарайчик в 1989-2005 гг., в результате работ Западно-Казахстанской археологической экспедиции ИА МОН РК*

ББК 63.4

С  $\frac{0504000000}{00(05)-06}$

ISBN 9965-9902-0-4

- © Самашев З., Бурнашева Р.,  
Базылхан Н., Плахов В. 2006
- © ТОО “Археология”, 2006
- © ТОО “Grapho-art”, 2006

## ҒЫЛЫМИ РЕДАКТОРДАН АЛҒЫ СӨЗ

Оқырмандар назарына ұсынылып отырған З. Самашев, Р. Бурнашева, Н. Базылхан және В. Плахов жазған бұл еңбек Атырау қаласынан 50 шақырымда Жайық өзені бойында орналасқан Сарайшық қалашығынан жинақталған нумизматикалық материалдардың алғашқы ғылыми талдауларына арналған.

Алтын Ордалық бұл қаланың орны XVIII ғасырдан бастап зерттеу нысанасына айналғаны белгілі. Алайда бүгінге дейін Сарайшық қалашығында табылған нумизматикалық материалдары белгілі болғанымен оған арналған некен-саяқ мақалалар қана жарияланыпты.

Алтын Орда нумизматикасының негізін Х. М. Френнің зерттеулері қалағаны белгілі. Алтын Ордалық тиындардың зерттеулері шамамен екі ғасыр бойы зерттеліп келеді және оның белгілі дәстүрі, жетістіктері, ғылыми мәселелері мен әдістемелері қордаланған жеке ғылыми бағыт болып қалыптасқан сала деуге әбден болады. Жалпы айтқанда шығыстық нумизматика саласында Алтын Орда нумизматикасы бірнеше буын зерттеушілердің күш-жігері арқасында едәуір дамыған дербес сала болды. Бұл еңбектің Алтын Орда ақша айналымының зерттеулерінде айтарлықтай қомақты үлес болғанын, сондай-ақ Қазақстанның ортағасырлық тарихының келелі мәселелерін зерттеудің ғылыми қорын байытқанын ерекше атап өту керек.

Басылымға XX ғасырдың 80-жылдарынан бері қала аумағында, негізінен ҚР БЖҒМ Ф. Қ. Марғұлан атындағы Археология Институтының Батыс-Қазақстан археологиялық экспедициясы қазба зерттеулері барысында қордаланған және жергілікті тұрғындардан жинақталынған тиындар коллекциясы енгізілді.

Сарайшықтың нумизматикалық кешені XIII-XVI ғасырларда болып өткен әуелі Жошы Ұлысының, кейін оның орнында бой көтерген әртүрлі мемлекеттердің саяси, экономикалық және тарихи-мәдени үрдістерін зерттеуде маңызды деректер болатындығында дау жоқ. Сол себептен аталмыш кешен нумизмат-мамандарды ғана қызықтырып қоймайды, сонымен бірге жалпы ортағасырлар тарихын зерттеуші

мамандардың да назарын ерекше аударары сөзсіз.

Сарайшықтың ақша тиындар кешені Жошы Ұлысы және басқа да мемлекеттердің 25 қаласының тиын соғатын орындарында соғылып шыққан өнімдер. Олардың ішінде, Сарайшықтың өзінде XV-XVI ғасырларда соғылған тиындары да бар.

Жұмыстың өте маңызды тұсы жарияланып отырған тиындардың басым көпшілігі мен олардың кешендері қаланың мәдени қабаттарында жүргізілген археологиялық зерттеулері барысында алынғандығында. Мәдени қабаттардың үлестері бойынша алынған тиындардың зерттеулері қаланың бұрыннан беймәлім көптеген жайыттарын қалпына келтіру мүмкіндігін арттырады. Сондықтан қала аумағының түрлі-түрлі телімдері мен мәдени қабаттары бойынша тиындардың әр алуан типтерінің өзаралық орналасуын нақты тіркеп зерттеген тұстары еңбектің айрықша құндылығы деп білеміз.

Тиындар жүйесін, ақша айналымының ерекшеліктерін зерттеу ісі тарихты бұлтартпас деректі айғақтарымен қоса нақты байқауларымен байытады. Тиындар «Тарих кітабының» парақтарын әдетте басқа түрлі тарихи деректемелерінде кездесе бермейтін ат-есімдермен, оқиғалармен толықтырады.

Тарихи нумизматика Қазақстанда біршама жас ғылыми сала болып табылады. Оның деректанулық қоры негізінен археологиялық қазба зерттеулері мен тиын көмбе табылымдары барысында толықтырылып келеді. Аталмыш тарихи саланың дамуының маңызды шарттарының бірі нақты зерттеу материалдарына қол жетушілік болса керек. Бұл міндетті жаңа әдістемелік және баспалық деңгейінде белгілі дәрежеде осы басылым орындады.

Қазіргі таңда Сарайшық қаласының орнында археологиялық қазба зерттеулері пәрменді түрде жүргізіле басталды, болашақта жаңа нақты материалдар табылары анық. Ол жаңа материалдар да Қазақстанның орта ғасырлық тарихына байланысты ғылыми маңызды мәселелерді шешуге айтарлықтай септігін тигізері сөзсіз.

Е. Смағұлов

## ПРЕДИСЛОВИЕ НАУЧНОГО РЕДАКТОРА

Предлагаемая вниманию читателей книга З. Самашева, Р. Бурнашевой, Н. Базылхана и В. Плахова посвящена предварительному анализу нумизматического материала из городища Сарайчик, расположенного на реке Жайык, в 50 км от города Атырау.

Остатки этого золотоордынского городища были объектом изучения еще в XIX веке. Однако найденные здесь нумизматические материалы известны лишь по единичным разрозненным статьям.

Основу нумизматики Золотой Орды заложили труды таких крупнейших ученых востоковедов как Х. М. Френц, П. С. Савельев, В.Г. Тизенгаузен и др. Почти за два века золотоордынская нумизматика сформировалась в самостоятельное научное направление со своими традициями, методами, проблемами и достижениями. Благодаря усилиям нескольких поколений ученых она стала наиболее развитой дисциплиной в восточной нумизматике.

В настоящее издание включена коллекция монет, собранная с конца 80-х годов XX века, главным образом, в результате археологических раскопок Западно - Казахстанской экспедиции ИА МОН РК на территории городища, а также сборов у местного населения и в виде приложений даны монеты, найденные в 2005 г.

Нумизматический комплекс Сарайчика представляет собой, безусловно, важный источник по изучению политических, экономических и культурно-исторических процессов, которые происходили в XIII-XVI веках, сначала в Улусе Жочи, а затем – в государственных образованиях, возникших на его развалинах. Поэтому он представляет особый интерес не только для специалистов-нумизматов, но и историков-медиевистов.

Денежный комплекс Сарайчика представлен продукцией 25 монетных дворов, не только Улуса

Джучи, но и других государств. Среди них имеются монеты и собственной чеканки Сарайчи в частности, XV-XVI вв.

Существенным и важным обстоятельством является то, что значительная часть публикуемых монет получена в ходе археологических исследований культурного слоя городища. Изучение их распределения в слое дает возможность реконструировать многие ранее неизвестные сюжеты истории города. Поэтому весьма ценной представляется та часть работы, в которой документировано взаимное расположение разных типов монет в слое и на разных участках городища.

Изучение монетных систем, особенностей денежного обращения обогащают историю многими строго документированными фактами и наблюдениями. Монеты дополняют «Книгу Истории» именами и событиями, которые обычно не отражены в иных видах исторических источников.


Нумизматика Казахстана сравнительно молодая научная дисциплина. Её источниковедческая база пополняется в основном в ходе археологических исследований и находок монетных кладов. Одним из важнейших условий развития этой исторической дисциплины является доступность имеющегося конкретного монетного материала. Эту задачу на новом методическом и издательском уровне в определенной мере решает данная публикация. Она помимо существенного вклада в исследование денежного дела Золотой Орды, расширяет научную базу изучения целого ряда проблем средневекового Казахстана.

Полевые исследования на городище только набирают силу и, видимо, в будущем будут получены новые материалы, которые должны помочь в решении важных научных проблем, связанных со средневековой историей Казахстана.

Е. Смагулов



*Сурет 1. Жайық өзені жағалауындағы Сарайшықтың қалдығы. Әуефотосурет.  
Фото 1. Аэрофотоснимок берега реки Жайык с развалинами городища Сарайчик*





Сурет 2. Сарайшық. Қала алаңдарында жүргізілген қазбалардың жобасы  
 Фото 2. Сарайчик. План участка городища





*Сурет 3. Сарайшық. II қазба  
Фото 3. Сарайчик. Раскоп II*



*Сурет 4. Сарайшық. IV қазба  
Фото 4. Сарайчик. Раскоп IV*




 стена из сыровых кирпичей  
 пашовые блоки

 забутовка  
 сыровые развалы, строительный мусор






*Сурет 5. Сарайшық. V қазба.  
Сарай құрылысының қалдығы.  
Фото 5. Сарайчик. Раскоп V.  
Остатки строительства*



*Сурет 6. Сарайшық. XII  
қазба  
Фото 6. Сарайчик. Рас-  
коп XII.*



## КІРІСПЕ

**Сарайшық** қаласының атауы тарихи, археологиялық әдебиеттерде кеңінен белгілі. Жайық өзенінің төменгі ағысында орналасқан аталмыш қала Жошы Ұлысының шығыс аумақтарын басқаратын, оның ішінде Арал-Каспий екі теңіз аралығының кең көлемді округті басқарып келген әкімшілік орталығы болды.

Еуропадан Азияға қатынасқан керуен жолдарының белсенді жұмыстарын қамтамасыз етіп тұрған географиялық оңтайлы жағдайы қаланың қарқынды дамуына септігін тигізді. Соңғы мерзімдерде жүргізілген археологиялық зерттеулердің нәтижесінде Сарайшық Жайық өзеніне дейінгі жолдармен және де өзенмен жүрген кемелер арқылы Алтын Орда мемлекетінің солтүстік аудандарымен өте тығыз әрі ұдайы байланыстарда болғаны анықталды. Оған дәлел ретінде тас пен ағаш құрылыс заттары, тастан қашалынып жасалынған құрылыстың ішкі көркемдеуші декорациялық бөлшектері, темір крицтер және т.б. атауға болады.

Алайда қаланың өмір сүрген тарихында тұрғындарының қаржы-шаруашылық, саяси, экономикалық іс-әрекеттері жайында жазба деректер тым мардымсыз. Сарайшық - Алтын Орданың тағдырына көп әсер еткен еуразиялық ірі-ірі оқиғаларды тұрақты түрде бастан кешірді, ондай оқиғалардан қалыс қалмаған қала.

Сарайшық қаласының археологиялық және нумизматикалық материалдарына қарағанда бұл қаланың Алтын-Орданың басқа да көптеген қалаларынан бөліп жарып қарайтындай кейбір ерекшеліктері байқалады. Оның себебі империяның басқа қалаларынан гөрі Сарайшық Дешті-Қыпшақ мәдени кешенінің ықпал әсерін әлде-қайда көп мөлшерде сіңірген қала болып келгендігі. Сондай-ақ қаланың бұл ерекшеліктері археологиялық зерттеулердің аздығына байланысты бүгінгі күнге дейін

жалпы түрде қарастырылып келген еді.

Ал Сарайшықтың нумизматикасы аталмыш қала Еуразиялық коммуникациясында ерекше рөл атқарғандығын және де өзіндік бітім болмысы мол мәдени кешенді қала болғандығын көрсетеді.

Сарайшық қаласына арналған ғылыми басылымдарында, әсіресе 1937 жылғы Н.К.Арзюотовтың, 1950 жылдары Ә.Х.Марғұланның қазбалары, одан кейінгі де зерттеушілердің еңбектерінде нумизматикалық жағдайы тіптен айтылмаған десек артық болмас. Сондай-ақ әр түрлі ғылыми мақалаларда некен-саяқ табылымдар жайы аталып қана келді (Федоров-Давыдов, 1965, 216 б.).

XX ғасырдың 80-жылдардың соңында Сарайшықта жүргізілген Ә. Марғұлан атындағы Археология институтының Батыс-Қазақстандық археологиялық экспедициясының тұрақты зерттеулері нәтижесінде нумизматикалық материалдар жинақтала басталды әрі оларға талдау жасалына басталды.

Сарайшықтың саны жағынан ең көп нумизматикалық материалдар қалашық кирандыларының біріне жасалған V қазбадан (сурет 5. ) алынды. Бұл қазба қаланың солтүстік-батыс бөлігінде орналасқан. Одан оңтүстікке қарай XII және II қазба жүргізілген, оңтүстік-шығыста тиындар табылған IV және XIII қазбалар жүргізілді (сурет 2 ). V қазба XIV ғасырдың басы кезеңіне келетін қабатына дейін зерттелінді, ал II, IV, XIII қазбалар ол деңгейден біршама төменгі XV ғасырлық, мүмкін XVI ғасырлық құрылыс қабатына дейін жүргізілді.

Аталмыш үш қазбалардан және жерден кездейсоқ табылған нумизматикалық материалдары V және XII қазбалардан табылған ең соңғы мерзімі XV ғасырдың бірінші жартысына қатысты тиын табылымдардан ерекшеленеді. Бәлкім, қазбалар жүргізілген Сарайшықтың осы солтүстік шеті XV

ғасырдан кейін толығымен тозып үлкен зиратқа айналған сынды.

Қаланың осы алаңдары аралығында V және оған сай II, IV, XII, XIII қазбаларда шаң тозаңға басылған жал (дуал) іспетті құрылыс көрінді. Ол соңғы кезеңдерде салынған болу керек. Кейбіреулер мұны тарихи деректерде аталатын қаланың ноғай бөлігіне тән камал құрылысының дуал қалдықтары деп айтады (Трепавлов, 2002, 238 б.). Алайда бұған байланысты тура дәлел жоқ. Сарайшықтың ноғай дәуіріндегі құрылыс қалдықтары қаланың оңтүстік тұсында орналасқан көрінеді, яғни қазіргі казак молалары бар жерінде деген сөз.

Сарайшық мәдени көп қабатты қала. Оның мәдени қабаттарының қалыптасуы да күрделі болған. Сарайшық бір орнында бірнеше ғасыр жасаған, неше мәрте гүлденіп өркендеу, қирап құлазу дәуірлерді басынан кешті.

Бұзылып қираған соң қайта жаңғырту үрдістері әдетте қаланы қайтадан кең көлемде жобалауымен, оны кеңейтумен жалғасып жатты. Қала құрылыстары көптеген жер қабаттарын араластырып жіберді. Қаланың санғасырлық тіршілігінде бір орнында таза топырақ емес, алдыңғы дәуірлердегі мәдени қабаттар араласып жатыр. Мәдени қабаттарда құрылыс кірпіштерін іздеу үшін оқтын-оқтын қазбалау жұмыстары да жүргізілген көрінеді. Сол себептен әр түрлі қабаттардың, қыртыстардың қандай құрылыстарға қатысты жайыттарын анықтау қосымша күрделі зерттеулер де бар. Көшелердегі топырақ үстіңгі қабатының деңгейі көшелерге бағытталған қора дуалдардың ішкі және үй бөлмелердің топырақ үстіңгі қабатының деңгейінен не жоғары, не төмен болып келетінін айта кету керек. Сол себептен Сарайшық қаласының топографиялық, стратиграфикалық жағдайларын айқындап көрсету үшін туындайтын күрделі жайттарды шешуде нумизматикалық материалдар бірегей анықтаушысы болып отыр.

Кітапта тиындардың сипаттамалары хронологиялық жалғастық принциптерге негізделініп жасалынды. Әр бір тип пен нұсканы сипаттау кезінде

әуелі олардың салмағы одан кейін ғылыми жарияланымдар көрсетілді. Егер осыларды көрсету мүмкіндік болмаған кезде авторлардың қолында жоқ, алайда ол типтері жайында хабарламалар бар деректер мүмкіндігінше көрсетілді. Бірнеше нұсқалары кездесетін типтес тиындардың қалпына келтіргендері де берілді. Бір нұсқа немесе саны өте аз, сирек кездесетін тиындардың жақсы сақталғандары ғана басылымға іріктелді.

Тиындардың белгілі типтерінің суреттері және олардың кейбір варианттарының сызбалары да берілді. Бұл Сарайшықтың тиын соғатын орынында астаналық (бас ордалық) типтерінің соғылымы да жасалынып тұрды деген ғылыми болжам қажеттілігіне орай беріліп отыр. Осы болжамның негізін қазірше қаладан табылған пұл ақшалардың белгілі бір варианттарының саны аса молдығына және сол дәуірлердегі басқа қалалардан табылғандардың сиректігіне немесе жоқтығына сүйеніп жасап отырмыз. Сонымен бірге бұл болжам бұдан кейінгі материалдардың түсімдеріне байланысты дәлелдеуді қажет ететін немесе жоққа шығаратын бірнеше жанама көрсеткіштерге де негізделді. Бірнеше ұқсас пұл ақшалардың тура және жанама негіздеріне әрі зерттеушілердің жарияланымдарына сүйеніп біз белгілі бір хандардың баянына орай билік жүргізген мерзіміне сәйкестірдік. Дегенмен хандардың аты мен жарияланымдарда қалыптасқан ұқсас түрлерінің мерзіміне қарамастан басқа билеушілердің заманына теліп көрсетуге мәжбүр болған пұл ақшалардың түрлері де бар. Бұған тиын түрлерінің өрнектелуі мен олардың қазбалардағы қыртыс-қабаттарында табылған деңгейі негіз болды.

Осы орайда Сарайшықта 1996 жылдан бері қарқынды түрде жүргізіліп жатқан археологиялық зерттеулерге қатысып жүрген археолог ғалымдарға және осы жобаның ғылыми жоғары деңгейде іске асуына, көне қаланың тарихи-мәдени мұраларына арналған мұражай кешенін ұйымдастыруға қол ұшын беріп, бар көмегін аямаған Иманғали Тасмағамбетовқа ерекше алғыс білдіреміз.

## ВВЕДЕНИЕ

Название городища «Сарайчик» довольно широко известно в археологической и исторической литературе. Расположенный в низовьях реки Жайык, он был административным центром, из которого осуществлялось управление восточными провинциями Улуса Жошы, в частности, обширной округой в пределах Арало-Каспийского междуморья.

Выгодное географическое положение, обеспечивавшее активную работу трансконтинентального караванного пути из Европы в Азию способствовало бурному развитию этого города. Результаты археологических изысканий последних лет указали на активную связь Сарайчика с северными районами Золотой Орды по сухопутному пути вдоль реки Жайык, а также на судах по ней. Об этом свидетельствует, в частности, наличие строительных материалов из леса и камня, декоративных частей интерьеров дворцов и богатых домовладений, выточенных из камня и железных криц.

Однако экономическая, политическая и финансово-хозяйственная деятельности города на всем протяжении его существования слабо отражены в письменных источниках.

Сарайчик постоянно находился в водовороте событий евразийского масштаба, которые существенным образом влияли на судьбу Золотой Орды.

Материалы по археологии и нумизматике Сарайчика указывают на некоторые особенности, отличающие его от многих других городов Золотой Орды. Это связано с тем, что Сарайчик в большей степени, чем остальные города империи, испытывал влияние со стороны культурного комплекса Дешти Кипчака. Эти особенности определены лишь в общих чертах, прежде всего из-за малочисленности археологического материала.

Нумизматика Сарайчика также отражает своеобразие культурного комплекса и особую роль это-

го города в Евразийских коммуникациях.

Научные публикации, посвященные исследованию Сарайчика, начиная с раскопок Н.К.Арзютова в 1937 году, А.Х.Маргулана в 1950 году и у последующих исследователей почти не отразили нумизматическую ситуацию. В различных статьях попутно упоминались сведения лишь об единичных находках монет в Сарайчике (Федоров-Давыдов, 1965, с.216).

Начиная с конца 80-ых годов XX века, благодаря стационарным исследованиям Западно-Казахстанской археологической экспедиции Института археологии имени А.Х.Маргулана, на городище Сарайчик, стал накапливаться и анализироваться нумизматический материал.

Наиболее многочисленный материал был получен с раскопа V (рис. 5), заложенного в северо-западной части городища. К югу от него находились раскопы XII и II, а к юго-востоку - раскопы IV и XIII, где также встречены монеты (рис.2). Раскоп V



**З. Самашев**



**Р. Бурнашева**



**Н. Базылхан**



**В. Плахов**

был исследован до слоев начала XIV века. Раскопы II, IV, XIII были доведены до уровня немного ниже того, на котором находились сооружения XV века и, видимо, XVI века.

Нумизматический материал с указанных трех раскопов в совокупности с подъемными, отличается от находок из раскопов V и XII, где самые поздние монеты приходятся на первую половину XV века. Видимо, после XV века северная окраина Сарайчика, на которой заложены эти раскопы, приходит в полное запустение и превращается в кладбище. Между этими участками городища, где расположены раскопы V и, соответственно, раскопы II, IV, XII, XIII видны остатки заплывшего валообразного сооружения, вероятнее всего, позднего происхождения. Некоторые склонны считать, что это – остатки крепостной стены окружавшей ногайскую часть городища, о которой сообщают источники (Трепавлов, 2001, с.238). Однако прямых доказательств этому нет. Остатки строений ногайского периода жизни Сарайчика, видимо, находятся в южной части городища, где расположено современное казахское кладбище.

Сарайчиковское городище многослойное. Формирование его культурных слоев представляет собой сложный процесс. Город существовал на одном месте несколько веков и переживал периоды расцвета и упадка. За разрушением следовало возрождение, которое обычно сопровождалось широкими планировками. Городское строительство влекло за собой перемещение значительных пластов земли. При многовековой жизни городища на одном месте перемещался не только чистый грунт, но и культурные слои более ранних эпох. В культурных слоях нередко устраивались перекопы с целью поиска строительного кирпича. Поэтому дополнительная сложность исследования связана с анализом различных слоев и прослоек с целью определения, с какой именно постройкой они связаны. Следует отметить также и то обстоятельство, что уровень дневной поверхности на улицах может быть несколько выше или ниже одновременной поверхности во внутренних дворах и помещениях, примыкающих к улицам домов. Поэтому при раз-

решении сложностей, возникающих в процессе изучения топографической и стратиграфической ситуации на городище нумизматический материал становится, во многом, определяющим.

Для описания монет использован принцип хронологической последовательности. У каждого типа и варианта указывался вес всех экземпляров и сведения о публикациях. В случае отсутствия данного указания предполагается, что имеются возможные сообщения об этих типах в источниках, недоступных авторам. Монеты, имевшие достаточное количество дубликатов, давались в реконструкции. В тех случаях, когда типы монет встречались в единичных экземплярах или в малом количестве, то для анализа из них отбирался наиболее сохранившийся образец. Помимо иллюстраций типов монет, предложены прорисовки ряда их вариантов. Это необходимо в связи с предположением о возможности чеканки некоторых столичных монет в Сарайчике. Такая возможность пока обосновывается большим количеством пулов определенного варианта, встречающихся на городище и их отсутствием или малым количеством на других городищах того времени. Предположение это обосновано, в большей степени, на косвенных данных, требующих подтверждения или опровержения в ходе дальнейшего поступления материала.

Несколько анонимных пулов по прямым и косвенным данным, а также основываясь на публикации исследователей, мы относим ко времени правления соответствующих легенде ханов. Однако существуют виды пулов, которые, несмотря на указанное имя хана или принятую датировку анонимных монет в публикациях, мы вынуждены отнести ко времени правления иных владык. В этих случаях основаниями служили видовые оформления монет и уровень их нахождения в конкретных культурных слоях городища.

Мы благодарны ученым-археологам, принявшим активное участие в полевых исследованиях на городище и, особенно, И. Тасмагамбетову, оказавшему всемерное содействие в реализации данного проекта с 1996 года и строительстве историко-мемориального комплекса “Сарайчик”.

# I. НУМИЗМАТИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ БОЙЫНША САРАЙШЫҚТЫҢ ТАРИХЫНАН (XIV-XVI ғғ.)

Соңғы жылдары отандық тарихи зерттеулерде Алтын Орда империясы дәуірлерінде Еуразия даласында болып өткен этномәдени үрдістеріне деген қызығушылық артып келеді. Жошы ұлысының жерінде аталмыш тарихи дәуірлерде экономикалық жүйесі мен әкімшілік орталықтары болған жүздеген қалалар бой көтерді. Сол қалалардың бірі империяның орталық пен шығыс провинциялары арасындағы байланыстарын қамтамасыз етіп тұрған Сарайшық (жазба деректері мен нумизматикалық материалдарда Сарайджук, Сараджик, Сараджук) болды. Аталмыш қаламен Алтын Орданың және кейінгі ортағасырлық Ноғай Ордасы мен Қазақ хандығының мемлекеттік құрылысының, мәдениетінің, экономикасының трансформациялық дәуірлері тығыз байланыста өрілді.

Сарайшықтың тарихы мен археологиясына байланысты еңбектерде, өкінішітісі сол осы күнге дейін оның сан ғасырлық тарихына қатысты жан-жақты мәселелер егжей-тегжейлі қамтылмай келеді. Қаланың тарихы жайында зерттеушілердің көзқарасы да бірқалыпты емес, кейбіреулерінің пікір ойы тіптен нақты материалдармен де дәйектелінбей жүр. Сондықтан археологиялық қазба жұмыстарының нәтижелері Жошы Ұлысының тарихы мен мәдениетін зерттеуде ерекше маңыздылыққа ие болып тұр. Осы тұрғыдан нумизматикалық материалдар аса құнды әрі жаңаша бағамдауды қажет етеді. Оларды сол дәуірлерде соғылып шығарылған, барлық адамдарға мәлім болған, ақша айналымына қолданылған айғақтар, бір сөзбен айтқанда ресми құжаттар деуге болады. Сондықтан тек қана нумизматикалық материалдар - Алтын Орданың өмір сүрген уақытымен сабақтасқан оның сауда-экономикалық байланыстары мен мемлекеттің саяси тарихын көрсете алатын нақтылы дәйекті деректер болып табылады.



**Жошы хан**

Стамбұлдағы Топқапы сарайының мұражайы. Байсұңқар альбомы. № 2152, 43а.

**Жоши хан**

Музей Топқапы сарая в Стамбуле. Альбом Байсункар. № 2152, 43а.

Сарайшықтың зерттеулеріне арналған ғылыми еңбектерде қаланың тиындары турасында алғашқы мәліметтер ретінде бірең-сараң мақала қана жарық көріпті.

Кейбір зерттеушілер Сарайшық қала ретінде құрылуын XIII ғасырдың ортасынан бұрын деп есептеген. Алайда сол заманға қатысты нумизматикалық материалдар қазірше табылмады.

Қала Жайық өзені жағалауындағы әсем табиғатты жерде орналасқан, бұл жер бұрынырақ тұрғын қоныстар мен қолайлы өткілік болған тәрізді.

Қазбалардың біреуінің төменгі қыртыс қабатынан шақпақ тас қырғыш, қола дәуірінің келсабы, ерте темір ғасырлық жебелер табылған.

Соңғы жылдардағы археологиялық зерттеулер барысында XI-XII ғасырдың тұрғын үйлері болғандығының белгісі боларлықтай азғана зат бұйымдар атап айтқанда, қолмен жасалынған қыш ыдыстар табылды.

Ортағасырлардың алғашқы кезеңдерінің құрылысы болғанын аңғартатын жер қабаты өзен ағысымен шайылып кетті немесе XIII ғасырда салынған үй құрылыстардың орнын жобалау кезінде жойылып кеткен болуы мүмкін. Ол жайында ХҮІІІ ғасырда османдық Қажы Халифтың жылнамасында былай делінген: *«Яик (Жанку) жағалауында С.ван.ж. (немесе С.ван.х) деген қала бар, ол құмандардың астанасы болды, одан кейін жаңадан салынып онда ноғайлар қоныстанған, қазір олардың хандары өмір сүреді»* (Трепавловтың сілтемесі бойынша. 2002, 226 б.). Қажы Халиф құмандар деп Алтын Орда дәуірінің тұрғындарын атаған болу керек, солай атауы оған заңды еді, өйткені бұл этноним ұзақ уақыт қолданылған еді. Бұл мәліметтің көп мағыналы болуына қарамастан XIII ғасырдың ортасында Сарайшық өмір сүріп жатқан еді. Елбарыстың (1512-1525ж.) хатшысы болған Өтеміш қажы өзінің «Шыңғыснама» туындысында Алтын Ордаға шабуыл жасаған Елхан Құлағұ хан (654/1256-663/1265) мен Берке хан (655/1257-665/1266) соғысын баяндауда Берке хан Бұхара шейхінің оң батасын алып таққа отыру үшін аттанған болатын. *«Ол Сарайшыққа бара жатқанда оның айналасында бес жүз адам жиналды. Сарайшықтан өтіп Еділ өзені жағалауына жеткенде мың бес жүз адам болған-ды... Дәшті уалаяты Берке ханға бағынған кезде көптеген дінсіздерді ол исламға қаратқан еді»* (Утемиш-Хаджи, 1992, 97, 99 б.) делінген.

Хиуа әміршісі Әбулғазі Баһадүр хан (1644-1664ж.): *«... сол уақытта бірдей Берке хан да, оның агасы негізін қалаған Сарайшыққа аттанды. Ол Бұхарадан келген ірі керуенді көрді»* (Абулғазі Бахадүр-хан, 1966, 99 б.) деп жазған. Баскаша айт-

қанда, жазба деректер бойынша Сарайшық өзінің қала мәртебесін Баты хан (1227-1255ж.) билігі кезеңінде алған. Стратегиялық тұрғыдан Еуропа мен Кіші Азиядан Хорезм, Қытай аймағына тартқан трансқұрылықтық маңызды керуен жолдары бойында орналасқандықтан Сарайшық сауда орталығының ірі өткілігі ғана болмаған, сонымен қатар Алтын Орданың астанасынан мемлекеттің шығыс провинцияларына, яғни Хорезмге жүргізілетін басқару тетігінің маңызды қаласына айналды.

Қазірше қаладан табылған ең көне тиын Баты ханның немересі Меңгү-Темірдің (1266-1282ж.) билігі кезінде соғылған дирхем. Ол қаланың төменгі мәдени қабатынан табылды және Еділ бойындағы Үкек қаласында шығарылған. Сол кезеңдерде Меңгү-Темірдің атымен ордалық Бұлғар, Қырым (Солхат) қалаларында және ол билік жүргізген Сарай, Биляр, Керман, Хорезм қалаларында да тиын соғылып жатты. (Савельев, 1858, 269 б.; Сингатуллина, 2003, 32-37, 120-128 б.). Үкектің дирхемдері жалпы өте жұқа әрі қоспасы сапасыз күмістен жасалынып тұрған. Аталмыш дәуірдің тиындарында алғаш рет Жошы ұлысы хандарының аттары жазыла басталды. Бұрын Ұлыстың тиындары марқұм халиф Насыр-ад-диннің атымен шығатын еді. Г.А.Федоров-Давыдовтың пікірінше осындай дирхемдер Берке хан (1257-1266ж.) тарапынан соғылып мемлекетте исламды уағыздап насихаттауға арналған болатын (Федоров-Давыдов, 2003, 10 б.). Қалған дирхемдері оған ұқсас әрі оларда Шыңғыс ұрпақтарының таңбасы бедерленген еді. Ол кезде мемлекет Қаракорым орталықты моңғол империясының құрамында болатын. Берке ханның тұсында моңғол империясынан бөлектеніп Жошы ұлысының дербестігі күшейе бастады, оның белгісі іспетті ол кездері тиын ақшаларда мұсылмандық символдар пайда болды. Дәл Меңгү-Темір заманында Алтын Ордалық хандардың атымен алғашқы тиындар соғыла басталды. Тиындарда хандарға қатысты «сұлтан», «ағзам» (ұлық) деген мұсылманданған атақтар мен сөз тіркестер пайда болды. XIII ғасырда Жошы ұлысының шығыс аймағына қарасты жерлері біртіндеп дербес өмір сүре бастады да, одан Ақ Орда деп аталды. Ақ Орда жеріне Жетісудың шығысы, Ертіс, Ұлытау, Қара-



тауға дейінгі дала, одан Сырдарияның ортаңғы тұсы кірді. Бұл өңірді Баты ханның ағасы Орда Еженнің ұрпақтары биледі.

XIII ғасырдың соңына қатысты Сарайшықтың тағы бір тиын түрі Меңгү-Темірдің ұлы Токты немесе Токтоғұның атымен байланысты. Ол 1290 - 1312 жылдары билік құрды. Ең бір қызықты тұсы да сол Әбілғази Баһадүрдің айтуынша Токты оның әкесі Меңгү-Темірдің сүйектері Сарайшықтың қасиетті орнында (пантеонда) жатыр (Абулгази Багадур-хан, 1966, 396.). Токтыны әкесімен бірге жерлеудің себебі ол тек қана оның қарапайым ұлы



**Батү Жошы ұлы**  
Стамбұлдағы Топқапы сарайының  
мұражайы. Байсұңқар альбомы.  
№ 2152, 43а

**Бату, сын Жошы**  
Музей Топқапы сарая в Стамбуле.  
Альбом Байсункар. № 2152, 43а

болғандықтан емес, сонымен бірге әмірші билеуші, мемлекет тұғырын бекітіп жалғастырушы ретінде танылған болса керек.

Токты Меңгү-Темірдің ең кіші ұлы болғанына қарамастан балғын шағында хан тағына мұрагер болды. Алайда сол заманның кезекті ала сапыранын басқарған аса адуынды Ноғай әмір оны тақтан тайдырды. Сол-ақ Ноғайдың көмегімен Токтының туыстары хан тағын иеленді. Токты амалсыздықтан қашуға және өзінің сәтін күтуге мәжбүр болды. Оның сәтті шағы да ер жеткенде келді. Бірнеше жылға созылған қан төгісі мол соғыс пен қайсарлықтың түбі оны 1290 жылы хан тағына жеткізді, көп ұзамай ол 1299 жылы Ноғайды жеңіп дарабилікті хан болды. Токты өзінің болашақ тағына отыру үшін Ноғайдың ықпалы басым болған Жошы ұлысының орталығы Бұлғар мен Қырым ұлысынан алыстағы Сарайшықта үзегілерестерін ұйымдастырды деуге толық негіз бар (Савельев, 183 б.).

Оның билік құрған кезеңіне байланысты Сарайшықтан табылған хұлағұд елхандардың (ирандық) тиындары жатады. Ол тиындар мұнда Иранмен жүргізген саяси-әскери қатынастары мен сауда-экономикалық байланыстар нәтижесінде келсе керек. Қашан Хұлағұдың әскерлері Иранды жаулады, сол сәттен-ақ Хұлағұ мен Берке арасында талас тартыс үдейе өрши түсті. Оның негізгі себебі де тұрмысқа қолайлы да маңызды әзербайжан жері болды. Бұл жер үшін жүздеген жылға созылған күресте жеңіс бір қолдан екінші қолға алма-кезек өтіп жатты. Ортақ мүдде бола қалғанда күрес-талас та тоқтап, дамыл алатын.

Оның себебі Иран мен Жошы ұлысы хандарының теке тіресінде көшпелі ақсүйектердің жерді жаулап алу пиғылының астарында яғни жауланған жерді ақылмен пайдалану мүддесінде болды. Сондай-ақ жалпы экономикалық үндестіктер, әкімшілік құрылысының сонымен қабаттас ақша айналымының ұқсастығында да болды. Иранда да, Жошы ұлысында да негізгі ақша бірлігі алты дирхемға сай еді. Тиындарында атып келе жатқан күн мен арыстан бейнелері, геометриялық торлар және т.б. ортақ кескіндер болды. Сауда мен ақша жүйесін реттеуде айна қатесіз реформалар жүргізді. Демек Иранды билеген Фазан мен Ұлысты билеген Токты кездерінде белгілі бір келісім бойынша іс шаралар жүргізілген көрінеді. Сондықтан Сарайшықтан иран тиындары табылуы таң қаларлық құбылыс емес (Федоров-Давыдов, 2003, 30 б.).


Тоқтоғу билікті қолға алған соң оны бекем ұстай білу керек-ті. Ноғайды жеңгені барлығын жеңді деген сөз емес. Тоқтының Ноғай туыстарымен болған үздіксіз талас-тартыстар мен билеуші шыңғыс ұрпақтары ханшайымдарының билікке деген такталас ұмытылыстары Ұлыстың жағдайын қиындатып, әбден әлсіретіп те жіберді. Династиялық соғыстардың салдарынан ақша тиынның құны өз бағамымен тіптен сәйкескенді қойды. Күміс ақша айналымынан ғайып болды. Сөйтіп бұл мемлекеттің экономикасына жарылыстай кері әсерін тигізді, заңды тауар алмасуын қамтамасыз ете алмады. Кейбір тиын шығарылымдарында билеушінің аты жазылмай біркелкі ұқсас етіліп соғылып жатты. Мұндай жайттарда дирхемдегі күміс салмағы да тұрақсыз болды. Сондықтан Тоқтоғу алғашқы ақша реформасын жасады. Қай жерде болмасын дирхем 1,365 грамм салмақпен соғылатын болды. Тиындарда Тоқтының аты кейде мадақтау атымен «Насир ад-Дин» және «Гийяс ад-Дин» («дін тірегі») деп жазылды. Және көне ұйғыр жазуымен де «Тоқтүбек» деп өрнектелді. Оның атымен соғылған тиындар орталықтан шалғай провинцияларда және Қырым мен Хорезмде де соғылып жатты. Дегенмен мыс тиындары аз мөлшерде ғана ақша айналымына енгізілді.

Экономиканы тұрақтандыру екінші кезеңде, яғни 1310-1311 жылдары саяси тұрақтылықтың арқасында тағы да қосымша ақша реформасы жасалды. Ол империяның тіптен алыс шалғай жерлерінде де жүргізілді. Ескі тиындар тәркіленді, жаңалары орталық қалаларда көп нұсқамен шығарылды. Дирхемнің салмағы 1,486 грамм болды. Бұл кездерде Алтын Орданың саяси орталығы Бұлғардан Сарайға ауысты.

Империяда 1312-1342 жылдары билік құрған Өзбек ханның кезеңдерінде тұрақтылық пен гүлденудің ең жоғары деңгейіне жетті. Мемлекеттің базарында алтын, мыс тиындар қалың санмен қолданылды. Ол тиындардың көптігі соншалықты, тіпті Өзбектен кейінгі хандар заманына дейін олардың тиындарымен тепе-тең оңдаған жылдары бойы қолданыла берді. Өзбек ханның аса қуатты мемлекеттік басқару құдыретті тұтқасы болды. Әскери шонжар-

лар Өзбекке бағынуды табиғи заңдылық деп білді. Мұсылмандық тәрбие көрген ол күллі ислам әлеміне танымал әрі шығыстағы ең ұлықтардың санатында болды. Сондықтан да сунниттердің символы алғашқы төрт халифтердің және өзінің лақап аты «Гийяс ед-Дуниа» мен «Гийяс ед-Дуниа уа ед-Дин» («діннің тірегі, дүниенің қамқоршысы») дегенді Өзбек өзінің тиындарына тұрақты түрде соқтырып енгізетін (Савельев, 15 б.). Дәл оның дәуірінде мемлекеттің территориясы Батыс Сібір мен Ертіске дейін кеңейді. (Сафарғалиев, 1960, 65 б.). Жаңа көптеген қалалар бой көтерді, әрине Сарайшықта гүлдене берді. Соңғы жылдардағы археологиялық зерттеулер дәл осы заманда қалалардың тым көптеп бой көтергенін көресті. Кең көшелі және алаңдарын жақсылап ойластырған қала жобасы бойынша кварталдар мольна салынды. 1333/1334 жылы Сарайшықты көрген араб саяхатшысы Ибн-Батутта: *«Сарайдан он күндік жолдан кейін біз Сарайшыққа (Сарайчик: «жук/чик» деген кіші, кішігірім, демек Сарайжук деген Кіші Сарай деген сөз.). Ол қала Утусу «ұлы су» деп аталатын ағымы тез үлкен өзеннің жағалуында орналасқан. Онда сал көпір, Багдаттағыдай көпір бар. Осы қалада біздің арбалы атпен жүруіміз тамамдалды. Біз оларды сонда сатып, әр біреуін төрт алтын динарға, күшсіз әлсіз болғандықтан және бұл қаладағы арзандықтан арзанырақ бағаға саттық. Арбаларды жегуге біз түйе жалдадық. Осы қаладағы қосшы қарт ақ ниетті «Ата» деген атты түрік адам. Ол адам бізге ас-тамақ ұсынып батасын берді»* (Тизенгаузен, 1884, 307, 308 б.). Мемлекеттегі тауар-ақша қатынастарының орнығып қалғаны жайында 1330 жылы флорентиялық қаржыгер Франческо Пеголотти былай дейді: *«Таныдан Қытайға басталған жол саудагерлердің айтуынша саяхаты күндіз де, түнде де қауіпсіз екен. Тек гана егер саудагер олай бұлай жүрген жолында мерт болса, оның бар мүлкі өлген жеріндегі мемлекеттік билік иесіне табыс етіледі екен... Егер де ол өлген жерінде ағайыны немесе туганы болса, онысын растаса оған марқұмның барлық мүлкін тапсырады, сөйтіп мүлік осылайша сақталынады»* (Сафарғалиевтің сілтемесі бойынша, 1996, 357 б.).

Сондықтан Ұлыстың әр түрлі қалаларының басқа да елдердің тиындары сауда жолындағы



**Өзбек Тоғрылча ұлы**  
Стамбұлдағы Топкапы сарайының  
мұражайы. Байсұнқар альбомы.  
№ 2152, 36а.

**Узбек, сын Тоғрулча**  
Музей Топкапы сарая в Стамбуле.  
Альбом Байсунқар. № 2152, 36а.

трансқұрылықтық негізгі күре тамыры өткен Сарайшықтан табылып жататыны сирек жайт емес.

Өзбек хан билігі тұсындағы тиындардың ішінде Хорезмде соғылған әр типтес тиындар кездеседі. Олардың көркемделуі мемлекеттің басқа да жерлерінің тиындарынан өзгешелеу. Ал олардың Сарайшықтан табылуы заңды құбылыс еді. Өзбек 1313 жылы хан тағына таласқандарды, әуелі Тоқтының ұлы Елбасмышты жеңген соң дара билікке қол жеткізді. Билікті алуына Хорезмдегі Тоқтының әскери шонжары Құтлық-Темір көмектесті (Тизенгаузен, 1884, 381 б.). Бұл орайда біршама билікке қол жеткізген Құтлық-Темір 1314-1317 жылдары Өзбектің атынсыз тиын соқтырмақшы болғанымен кейінірек барлығы орнына қойылды. Өйткені оған Өзбек пен Иран билеушілері араларындағы қатынастар себеп болған көрінеді. Екі аралықтағы арақатынастар алғашқы жылдары тыныштықпен өтпе-


ген. Өзбек пен Иран жерлері үшін күрес жалғасты. 1320 жылы Өзбектің әскерлері солтүстік-шығыс Иранның бөлігі Хорасанды жаулау үшін Хорезмге басып кірді. Патшалар 1323 жылғы бейбітшілік келісімінен кейін «өзара бітісіп, бейбітшілік орнатты» (Тизенгаузен 1884, 387 б.). Сарайшықтың тұрғындары да осы оқиғалардан тыс қалмады, соған орай бұл жерде ирандық Йезд, Тебриз қалалардың тиындары да кездеседі.

Өзбек хан 1341 жылы қайтыс болды. Өз ағайындарын өлтіріп хан тағына Өзбектің ортаншы ұлы Жәнібек отырды. Ол хан тағында өзін «әкесіндей әділлетті, билеуші, дін қамқоршысы» ретінде көрсетті (Савельев, 20 б.). Иранмен күресті жалғасытырып Тебризді жаулап алып, сонда өз тиындарын соқтырды. Осы тиындардан бірнешеуі Хорезммен әсіресе, Хорасан соғысы кезінде қарым қатынастар жүргізіліп тұрған Сарайшықтан табылған. Деректерде Жәнібек «1357 жылға дейін Хорасанды басып алғанша күллі жаңа әскери жасақтарын» бірнеше мәрте жіберген. (Тизенгаузен, 1884, 388 б.).

Осы кезеңдердің археологиялық айғақтары бойынша Сарайшықта отбасылық үйлердің типтері ғана емес, жалпы қоғамдық құрылыстары кеңінен салынған. Олар бір қалыпты стандарттық жобамен ұзын қабырға бойынша бірнеше бөлмелер жалғасып салынған жатахана іспетті болды. Осы қабырғаның шетіне дейін коридор (дәйіз) салынып, қабырғалармен бөлінген бөлмелердің жеке-жеке есіктері болды.

Сарайшықтың базарында сол заманның тиындары мол қолданылды. Осы тиындардың төрт жүздей нұсқасы табылған, олардан Өзбек пен Жәнібекке тиесілісі әр қайсысына екі жүзден келеді. Хорезм және Азақтың тиындардың болуы Жәнібек тұсында мемлекеттің әр түрлі өңірлерінің қатынастары өзара тығыз болғандығын аңғартады. Дүние 1360 жылдары басында күрт өзгерді. Осы кездерден «Орданың іші орасан қесапат» дегендей бүлік сойқан басталды, қанға боялған таққа бір-бірлеп хандар алмасты (Савельев, 23 б.).

1359 жылы дүниеден өткен Жәнібектің ұлы Бердібек өз ағасы Құлынананың қолынан қаза тапса, Құлына жарты жылдай билік құрып ағасы Наурызбектің қолында көз жұмды. Наурызбек



Мәңгі Тәңірінің күші-дүр  
 Ұлы сұсты, еркін халыққа  
 Өзбек ханның жарлығы  
 кім еш табынбаса,  
 (сол) кісі жойылсын, өлтірілсін

**Өзбек ханның жарлықты алтын  
 пайзысы (герегесі)**

Силой вечной Тенгри  
 Величественного,  
 народу вольному  
 Приказ Узбек хана  
 Кто не повинуется,  
 тот умрет и будет уничтожен

**Золотой пайзы Узбек хана**

те жылдай мерзім билік құрды. Сарайшықтың нумизматикалық коллекциясында осы заманға қатысты хан тиындары өзара ұқсас келеді, сандары да аз ғана. Олар мемлекеттің орталық қалалары мен Хорезмде соғылған. Ордалықтардың қожырап әлсіреп қалған орталық билігін сол кездерде дербес саяси күшке айнала бастаған Хорезмдегі Қоңырат суфистер династиясының билеушілері пайдаланғысы келді. Аталмыш династия көрші аймақтардың саяси әрі экономикалық өміріне белсенді түрде ықпал жасады. Сарайшықтың осы аласапыран дәуіріне қатысты мәдени қабаттарында Хорезмде жасалынған зат (шамдал, асхана ыдыстары, тас назан) бұйымдардың біршама көп болуы мұнда хорезмдік тұрғындардың бір бөлегінің көшіп келіп қоныстанғандықтан болуы да мүмкін.

Құлына да, Наурыз да батыстың хуреттан ортасымен байланысты өкілдерінің мүддесіне ауыңқы болды. Құлынаның ұлдары хуреттан еді, ал Наурызды шығыстық бағытты ұстанған феодалдардың мүддесіне суық көзбен қарайтын Әзбектің әйелі Тайдул қолдап тұрды (Мухамадиев, 1983, 89 б.).

Орданың ұрпағы Қызыр билігі дәуірінен бастап саяси биліктің тұтқасын біршама ұзақ мерзім осы династиялықтардың өкілдері қолына алды. Қызырдың бұрынырақ Жайықтың арғы бетінде өз ағасы Шымтайдың құзырындағы астанасы Сығнақта болатын жерлерімен шекаралас ұлысы бар еді. Ол өзінің қарауындағы Азақ, Сарій-әл-Жадид, Гүлістан және Хорезм қалаларында өз тиындарын шығара бастады. Сарайшықта XIV ғасырдың екінші жартысы мен ортасында тиындар соғыла басталды. Қызырдың атакты тиындары Сарайшықта хижра бойынша 761 ж. (1359-1360 жылдыры) соғылған. (Мухамадиев, 1983, 19 б.). Сарайшықтан табылған «Сарай әл-Жадид» атымен соғылып шыққан көптеген пұлдар Қызырдың билік мерзімне тән. Сонымен бірге №88, №90 және №91 нөмірлі кейбір тиын типтері Алтын Орданың басқару қалаларының коллекциясында кездеспейтіні Қызыр билігінің соңын ала немесе одан кейінгі мерзімдерде тек қалыптық белгісін (штемпелін) пайдаланып шығарылған осы үлгідегі тиындар Сарайшықта соғылғанын жанама түрде айғақтауы мүмкін.

Содан кейін, 1366 жылы үш жыл билік құрған Қызырдың ұрпағы Әзіз-Шейх таққа отырды. Оның дәуірінде тиындар негізінен Гүлістан мен Сарайда соғылып тұрды. Сарайшықтан аталмыш мерзімге байланысты тиын көмбесі табылды. Көмбеде 144 нұсқа күміс, 12 нұсқа мыс тиын бар. Көмбенің мыс тиындары Қызырдың (1359-1361ж.) атымен соғылғандары. Барлық дирхемдер Токты хан билігінен (1310 жылғы соғылым) Әзіз-Шейхге (1365-1367ж.) дейінгі кезеңдерді қамтыған Сарай әл-Махрус, Сарай әл-Жадид, Гүлістан және Ордү қалаларында соғылған. Көмбе қыш кірпіш қабырғалардың қалдықтары жатқан 15 см тереңдіктен табылған. Сырт тұсында жатқан тиындарда ірі тор көзді матаның із табыттары сақталынған. Тиындардың қасында төрт гүл жапырақты көркем төртбұрыш кескінді қалыпқа соғылған алтын қапсырмалар болды.

Орданың билігіне 1371 жылы қысқа мерзімге Тұлынбек-ханым келді, ол кезге тән пұлдар қала қазбаларынан кездеседі.


Ұрыс-хан билігі дәуірінде, яғни, 1370 жылдардың ортасында Ақ Орда мен Алтын Орданы біріктіріп бір мемлекет құру әрекеті жасалынды (Тизенгаузен, 1941, 131 б.). Ол 1374-1375 жылдары ордальық Сарайды, Кам бұлғарлар және т.б. жерін жаулап алды. Алайда Мамаймен күресіп еріксіз Сырдария жағасына қайтуға мәжбүр болғанымен ол Алтын Ордадағы өз ықпал әсерін жоғалтпады. Ұрыс ханның тиындарын анықтауда қиындықтар бар. Өйткені сол кездердегі тиындар басқа бір хан яғни Мамай Ордасының ханы Мұхамед-Бұлақ (1370-1376ж.) атымен де соғылып жатты. «Мамай өз Ордасында басқа патша Мамат сұлтанды отырғызды» (Мухамадиев А.Г. 1983, 95 б.). Мамай ордасында аз уақыт таққа отырған Абдулланы Мұхамед-Бұлақ өзгертті. Осы аталмыш хандардың тиындары жасалуы мен өрнектелуі жағынан өзара өте ұқсас келеді, тіпті де Мамай ордасының штемпелі бір ғана ұстаның қолымен соғылған деп жорамалдауға болады.

Сарайшық 1370 жылдары шайбанилық Айбектің еншілігіне енгені, ол Әли-қожа мен Елбан хан атымен Сарайшықта өз тиындарын 1374 жылы соғып шығарғанын зерттеушілер тілге тиек етеді (Савельев, 1858, 229 б.). 1375 жылы Сарайшықты Айбектің ұлы Кари-хан биледі, одан кейінірек

қысқа мерзімде екі жыл бойы хан болған билік кезінде жорық жасаған шайбанилық Арабшахтың (1377-1378) қолында болды (Федоров-Давыдов, 1973, 135-136 б.; Сафарғалиев 1960, 383 б.; Савельев 1858, 229 б.). Алайда Сарайшықтан табылған өте мол нумизматикалық материалдар ішінде аталмыш заманның осы тұлғаға қатысты бірде бір тиын жоқ, керісінше «Алтын орда билігінде Әмір Темірдің, Еділ бойында Мамайдың таластарына табысты соққы бере білген, тақталастар заманындағы құдыретті хандардың бірі» Мұхамед Ұрыстың ондаған пұл мен дирхемдері табылған (Мухамадиев, 1983, 95 б.). Дәл аталмыш дәуірде ХҮІІ ғасырдың тарихшысы Махмұд ибн Уалидің мәліметі бойынша Ұрыс-хан өз ордасын Сығнақтан Сарайшыққа көшірмек ойы болған екен.

Токтамыстың билікке келуімен ордадағы «орасан кесапат» тамамдалды. Токтамыстың билікке жетер жолы оңай болған жоқ. Оның әкесі Тұлықожа Алтын Орда жорықтарына өз ұлысының адамдарын жіберуден бас тартқандықтан ұлы державалық мүдделі әмірші Ұрыс-хан тарапынан өлтірілді. Токтамыс өлімнен қашып Самарқандтағы Әмір Темірді паналады. Тақталастарды пайдаланып барлық Орта Азияны қол астына біріктіріп алмақшы болған Темір, өзіне серік еместерін жойып ғана қоймаған, сұңғыла оймен өзіне бағынбайтын дербес көршілерін әлсіреткісі келді. Осы себептерден ол бірнеше рет Ақ Орда мен Моғұлстанға жорық жасады. Ал Токтамыстың келуі Темір үшін тым күтпеген жайыт болды. Ұрыс Алтын Ордада жатқан кезінде Токтамыс Темірдің әскерлерімен Ақ Орда жеріне шабуылдады. Егер соғыста жеңсе, Токтамыстың келісімі бойынша Шабран, Отырар, Сығнақ және Сарайшық иелігіне өту керек еді. Тек ғана төртінші реткі жорықта Ұрыс-ханның өлімінен кейін Токтамыс өз мақсатына жете білді. 1376 жылы Сығнақ жаулап алынды, сонда Токтамыс хан болып жарияланды (Савельев, 63 б.). Темір көрші Хорезм, Моғұлстан мен Иранда соғыс жүргізіп жатқанда, Токтамыс Ақ Орда феодалдарының көмегімен Алтын Орда билігін тартып ала білді, сөйтіп ол Темірдің бәсекелесі болды.

Токтамыстың атымен Алтын Орданың барлық тиын соғатын орындарда тиындар соғыла бастал-



Мәңгі Тәңірінің күші-дүр  
 Ұлы сұсты, еркін халыққа  
 Абдаллах ханның жарлығы  
 кім еш табынбаса,  
 (сол) кісі жойылсын, өлтірілсін

**Абдаллах ханның жарлықты  
 күміс пайзысы (герегесі)**

Силой вечной Тенгри  
 Величественного,  
 народу вольному  
 Приказ Абдулла хана  
 Кто не повинуется,  
 тот виновен и будет уничтожен

**Серебрянный пайзы Абдулла хана**

ды. Оның билігінің бас кезеңдерінде ақша реформасы жүргізілді, Хорезмнен тыс мемлекеттік барлық жерлерде 1,30 грамм салмақты күміс тиын шығарыла бастады (Федоров-Давыдов, 2003, 17 б.). Ал Хорезмде 1,50 грамм салмақты күміс тиын соғылатын. Осындай тиын Сарайшықтан табылды. Демек Сарайшықта қайтадан мыс, күміс тиындар соғыла басталды. Сарайшықтың №162, №163, №168 нөмірлі басын кері бұрып жатқан аңдар бейнесі мен гүл пішін бейнеленген пұлдары каталогта көрсетілді. Бұл пұлдардың саны Ордү Муаззам, Сарай, Сарай әл-Жадид, Хорезм мен Гүлістан тиын ақшаларының санынан әлде қайда көп.

1380 жылдардың екінші жартысында Самарқандта Әмір Темірдің тиындары шыға бастады. Бұл жайт Әмір Темір мен Тоқтамыс арасында пайда болған қайшылықтар салдарынан аталмыш аймақтардағы әскери-саяси оқиғаларымен тығыз байланыста өрбіді. Соғыс қақтығыстар барысында Тоқтамысқа қарасты Хорезмнің Үргенші сияқты қалалар жермен жексен болды. Темірдің өмір баяны жайлы Ибн Арабшах былай дейді: « Оның алдыңғы жасақтары Азаққа жетті, ол Сарай, Сарайжұқ, Қажы Тархан және сол өңірлерді жойып жіберді» (Тизенгаузен, 466 б.). Археологиялық зерттеулердің нәтижелері оның бұл сөзін қазірше дәлелдемей тұр ( Самашев, Кожиков, Талеев, 1998, 241 б.). Ибн Арабшахтың сөзін оның замандасы ирандық Шараф ад- Дин Йазди да дәлелдемейді. Оның мәліметтерінде Темір, адамдар бар жерде бөгеліп қалудан сескеніп Жайықтың жоғарғы ағысын кешіп өтіп Тоқтамыстың әскеріне қарсы жүрген (Йазди, 1972, 447 б.).

Нумизматикалық материалдар бойынша Сарайшықтың қирап қалған негізгі мерзімі XV ғасырдың бірінші жартысына қатысты. Бұл да Алтын Орданың династиялық әулеттік тақталас үшін және мемлекеттің негізгі тірек жерлерін жаулап алу мақсатында жүргізілген Жошы әулетінің үш буыны Шайбан, Тоқа-Темір, Орда-Ежен ұрпақтарының әулеттік күресі кезінде болған. Тек ғана 17 жылдың ішінде (1400-1417 жылдары) онда сегіз хан тақ ауысты.

Қаланың мәдени қабаттарының жоғарғы қыртыстарында негізінен V қазбалар тұсы аталмыш за-

манға қатысты және каталогта №170 деп көрсетілген типті пұл ақшалар кездеседі. Ол ақшалар Сарайшықтан басқа еш жерде кездеспейді, ал олардың саны тіркелгендері бойынша отыздан астам және тек ғана Сарайшықта соғылғанын көрсетеді.

Соғылымның сапасы да нашар, жазуы да тым тұрпайы дөрекілеу келеді. Дегенмен олардың санының көптігі оны шығарып тұрған ханның экономикалық билігінің әл ауқатын анықтап береді. Ханның атын жазған үлгісінен Едіге әміршінің өкілі Болат хан (1406/1407-1410/1411) тарапынан шығарылып тұрды деуге болады. Осы тиындармен қатарлас Сарайшықта 1413/14 жылдан 1419/20 жылға дейін билік құрған Дервіш хан да тиын соқтырып тұрды (Сафарғалиев, 1960, 192 б.).

XIV ғасырдың соңында Сарайшық аумағында маңғыттардың әміршісі Едіге Маңғыт (Ноғай) Ордасын құрды. Хандық тақты иелену хақы жоқ, алайда «ұшан теңіз ұрпақтарымен, үй ішімен», «тіпті әп-сәтте 200 мың әскерді жасақтай білетін Едіге сұлтандыққа кім қалағанын жақындатты, тілегенімен жүрді, бұйрығына ешкім қарсы шықпады, шектеуіне қарсы ала-жібін ешкім аттап өтпеді» (Тизенгаузен, 1884, 467, 472 б.; Мухамадиев, 1983, 119 б.). Ол Алтын Орда тағына Ақ Ордалық Шыңғыс ұрпақтары Темір-Құтлық, Садыбек, Болат, Дервішті отырғызды, 1420 жылы қайтыс болғанға дейін олардың атынан мемлекетте билік жүргізді. Бір аласапыран кезеңде Едіге жараланып Сарайшықтың жанындағы Жайық суына кетіп мертліккен. Оның мүрдесін жаулары судан шығарып алып «тағдырдың еркіне жіберген» (Тизенгаузен, 1884, 473 б.).

Едігенің ұлы Нұраддин (1426-1440 ж.) және немересі Уақас тұсында Сарайшық біртіндеп дербес мемлекет Ноғай Ордасының орталығына айналады.

Қазақтың алғашқы хандарының бірі Қасым хан билігі тұсында (1511-1521 жылдары) оның мемлекетінің құдыреті күшейді. Каспийдің және Жайықтың даласы, оның территориясына енді, хандықтың ордасы да бір мезгіл Сарайшық болды. Қасым хан тарихи деректер бойынша Сарайшықта дүние салды, осында жерленді.

Елдің шығысындағы кесірлі қасіретті оқиғалар салдары мен егемендік үшін күрес қазақтың хандарын Сарайшықты тастап кетуге мәжбүр етті. Бұл қала да көп ұзамай Еділ мен Жайық аралығында негізгі қонысы болған Маңғыт жұртының немесе Ноғай Ордасының орталық қаласы болып өзгере берді. Қасым ханның мұрагері Хақназар (1538-1580ж.) хан кезінде 1568 жылы Қазақ хандығының құрамына Сарайшық қайтадан енді.

